бірдей көтеруге тәуекел етеді. Батыстың көз құртына айналып отырған да осы шарт. Өсімқорлыққа (риба) жол бермеу, Ислам құқығы бойынша мұрагерлік қағидасын ұстану және зекет беру секілді негізгі үш ұстынды экономикалық жүйеге лайықтап бір ізге түсірген ортағасырлық Ислам құқықтанушылары (фиqh-шілер) десек те, жалпақ елге танымал болған кезі қыр астында қалған XX ғасырдың екінші жартысы. 1963 жылы Мысырдың ән-Наггар деген жерінде пайда болған тұңғыш ислами банк бұл жүйенің осы заманғы ізашары болып саналады. Ислами экономика үлгісін жүзеге асыруға бағытталған тағы бір қадам 1975 жылы «Дубай Ислами Банкті» ашқан Біріккен Араб Әмірлігінде жасалды және сол жылы Ислам Конференциясы ұйымы шегінде Ислам даму банкі құрылды».

Осындағы күмән тудыратын олпы-солпы сөздерден бөлек, мұнда деректерді өрескел бұрмалаушылық орын алған. Мысырдың Мәйит Ғұмыр деген қаласында исламдық үлгідегі алғашқы жинақ қассасын ашқан адамның аты Ахмад ән-Наггар (жердің аты емес!) болатын. Египеттің саяси басшылығымен келісімге келе алмаған оны 1967 жылы исламдық банктерді басқарудан аластайды. Исламдық қаржыландырудың негізін қалаушы өз елін тастап, Суданға кетуге мәжбүр болады. 1969 жылы Ахмад ән-Наггар Сауд Арабиясына көшіп барып, ислами экономиканың мәселелерімен айналысуды жалғастырады, корольдіктің таяу арада исламдық банк ісінің әлемдік орталығы болуына үлкен үлесін қосады. 1971 жылы Мысыр президенті Садат өз қателігін түсініп, атақты экономисті кері шақырып, Қоғамдық (әлеуметтік) банктің жобасын дайындауды тапсырады (кейінірек ол Наср қоғамдық банкі деп аталды). Сонымен қатар, ән-Наггарға Ислам даму банкі құру жөніндегі ұсынысты жасақтауға тапсырады. 1972 жылы бұл ұсыныс-жоба бекітіліп, оны Дждда қаласында Сауд Арабиясы орындауға мойнына алады.

Заң неге кешікті?

Шынтуайтына келгенде, исламдық қаржыландырудың құралдары Қазақстанда 10 жылдан бері қолданылып келеді. Ислам даму банкі ауыл шаруашылығының техникасын, мұнай бұрғылау жабдықтарын сатып алуға барлығы 60 млн. АҚШ долларын ұсынған еді. Әйтсе де, исламдық қаржыландырудың жемісін көрген қазақстандық банктер екені анық. Оның өзі тегін емес, өйткені, соңғы он жылда исламдық қаржы жүйесі қарқынды дамып, өзіне әлем назарын аудартты. Жаңа жүйенің тиімділігі жөнінде тек шетелдік мамандар ғана емес, республиканың белгілі экономист-ғалымдары да біраз уақыттан бері айтып келеді. Дей тұрғанмен, соңғы уақытқа дейін исламдық қаржыландыруды енгізудің те-тіктері жасалмаған еді.

Осы кезде кейбір басылымдар жаңа жүйені қалыптастыруға қарсы күштер бар деген сияқты жаңсақ пікірлер таратуға тырысып бақты. Шын мәнінде, «осы қалай бола қояр екен?» деп күдік білдіргендер болмаса,

исламдық қаржы жүйесін енгізуге ашықтан-ашық қарсы шыққан ешкім де жоқ, тіпті, дүйім жұрттың назарын аудартатын қызу пікірталастар да болған емес. Қалай болған күнде де, исламдық қаржы жүйесін енгізу арқылы ұлттың экономикалық болмыс-бітімін бүтіндеуді аңсайтын ағайынның «занды неге ертерек қолға алмайды?» деген тәрізді тағатсыздану сезімін түсінуге де болар.

Қош. Сөйтіп, арманға айналған исламдық қаржы жүйесінің заңнамалық негізі біздің елімізде де тездете орнығуына дағдарыс түрткі болды. 2007 жылдың орта кезінде Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының аясында өсімсіз несие құралдарын енгізудің тетіктерін жасайтын жұмыс тобы құрылып, келе-келе исламдық банкинг құралдарының тұтас қоржынын қамтитын заң жобасын жасақтауға мүмкіндік ашылды. Ұлттық банктің, Қаржы бақылау агенттігінің және Алматы аймақтық қаржы орталығының мамандары исламдық банктерде арнайы курстардан өтті. Ислам даму банкі гранттық қаржы бөлді. Осы ақшаға исламдық қаржы жүйесіне ширек ғасыр бұрын көшіп қойған Малайзияның білікті сарапшыларын шақыруға мүмкіндік туды. Олар қазақстандық заңнамаға толық-қанды мониторинг жүргізіп, қандай түзетулер жасауға болатынына назар аударып, ақыл-кеңесін аямады. Қысқасын айтқанда, жұмыс тобы жарты жыл ішінде көп еңбек сіңірді. Нәтижесінде, Қазақстанда исламдық қаржы жүйесін енгізуге қажет заң жобасы түзілді. Атап айтқанда, Азаматтық және Салық кодекстеріне, «Банктер мен банк қызметі туралы», «Құнды қағаздар нарығы туралы», «Инвестициялық қор туралы», «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалған мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» заңдарға түзетулер енгізілді.

Десек те, біздің жүйенің Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі, мәселен, Малайзия мен Индонезиядағы жүйеден ерекшелігі – оларда тек исламдық банкинг қана өмір сүрсе, бізде дәстүрлі банк қызметі де, қаржыландыру да қатар жүреді.

Дәстүрлі банкинг пен исламдық банкингтің айырмасы не?

Мұндағы «дәстүрлі» деп отырғанымыздың қолданыстағы банк жүйесі екені түсінікті. Ол о бастан тек өсім алуға ғана негізделген. Ал, исламдық үлгінің батыс үлгісінен басты айырмашылығы – несие өсімінің жоқтығында. Мұнда капитал қожайынына несие алып отырған кәсіпорынның табысына тәуелсіз сыйақы мөлшері белгіленбейді. Бұл Ислам аһлағының қағидаларымен (шариғат заңдарымен) түсіндіріледі: өз еңбегімен, іскерлігімен тапқан табыс, байлық қана әділетті болып табылады. Пайда табу кәсіпкерлік тәуекел-шілдік жолымен атқарылады.

Исламдық банкинг Құранда тыйым салынған іс-әрекеттерден бойын аулақ салып, қаржылан-дырудың жаңа нұсқаларын ұсынды. Мұсылман құқықтанушыларының түсінігінде ақша өз алдына құндылық болып табылмайды, ол бар

болғаны басқа материалдық активтердің (жер, мал, ғимараттар және т.б.) құнын ғана білдіреді. Сондықтан, ақшаны пайдаланғаны үшін өсім сұрауға (риба) тыйым салынған. Бұдан басқа, Ислам шошқа етін өндірумен, ішімдік, қару сау-дасымен, ойын индустриясымен және ашықтан-ашық қылмыс бизнесімен (жезөкшелік кәсібі, есірткі тарату, порнография өндірісі және т.б.) байланысты қызметті қаржыландыруға қатаң тыйым салады.

Дәстүрлі банк табалдырығын аттаған адал мұсылман баласы әрқашан да таңдау алдында: «риба» (салым бойынша өсім пайызы) алу күнәға жатады, оның үстіне, салынған ақша-ның шошқа етін өндіруге немесе ішімдік саудасына жұмсалмай-тынына кепілдік тағы жоқ. Соңғы айтылғандарға кепілдік берілгенмен, «рибаны» банк практикасынан мүлдем алып тастау үшін қаржыгерлер мен дінтанушыларға табыс табуды жүзеге асырудың айрықша жолдарын іздеуге тура келді. Мәселен, салымшыдан ақшаны алып тұрып, банк оған ақшаның тұтас сомасын немесе оның бір бөлігін кез келген уақытта қайтаруға кепілдік береді. Салымшының түпкілікті есеп айырысу кезінде банк оған ақшаны пайдаланғаны үшін алғыс ретінде белгілі бір соманы – «вада» төлейді. Исламдық несие – «мушараканы» беріп тұрып, банк қарыз алушымен бірге пайдасы мен шығынын қатар көтереді. Дәстүрлі банк мұндай тәуекелге бармайды. Айта берсе, исламдық банкинг өнімдері өте көп және оның дәстүрлі банк қызметінен айырмасы да жетерлік.

Ислам харам пайда табуға, ай-лакерлікке, өсімқорлыққа, моно-полияға, әділетсіздікке тыйым салады. «Бақара» сүресінің 275-аятында: «Алла сауданы халал етіп, өсімқорлықты харам қылды», – делінген. Сондықтан, исламдық банкинг қаржыландырудың тек халалдық түрлеріне негізделген.

Халал өндіріс – ислами экономиканың негізі

Ислами экономика туралы сөз еткенде, тек қаржы саласымен ғана шектеліп қалу дұрыс емес. Жалпы, «экономика» ұғымының ауқымы өте кең һәм ислами экономика да түрлі салаға бөлініп кете береді. Асылы, шын мәніндегі ислами экономика халалға негізделген. Исламда тыйым салынатын «харам» сөзіне қарама-қарсы қолданылатын «халал» сөзі «рұқсат етілген», «дұрыс» деген мағыналарды береді. Ал, «халал өндірісі» деп адамның денсаулығын, аһлақтық, рухани және дене дамуы мен қанағаттанушылығын қамтамасыз ететін сертификаттау жөніндегі нормативтік-техникалық құжатнамаға және шариғат нормаларына толық сәйкестіктегі өндірісті айтамыз.

Қазақстанда халал өндірісінің қолға алынғанына көп болған жоқ. Халал өнімдерін ұлттық экономикамыздың санатына қосуға ұйытқы болған адамдардың бірі – Марат қажы Сәрсенбаев. Ол 2004 жылы халал өнімдерін күнделікті өмірімізге енгізуді алғаш рет ойға алады.

Ресми статистикаға сүйенсек, республикада 26 ұлтқа топтасқан 11 миллионнан астам мұсылман тұрады екен. Осыншама халықтың шариғат

ережелеріне сәйкес өндірілетін өнімдерге сұранысы қалайша ескерілмей келген? Міне, осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы Қазақстан қажылары қауымдастығына «Халал» стандарттау жөніндегі комитет құруды һәм мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірге халал стандарттарын әзірлеуді тапсырған болатын. Нәтижесінде, 2005 жылдың 9 қарашасында ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Теникалық реттеу және метрология коми-тетінің № 385 бұйрығымен «Қазақстан қажылар қауым-дастығы» республикалық діни қоғамы базасында № 57 «Халал» стандарттау жөніндегі техникалық комитеті құрылды. Бұл комитетті құрудағы негізгі мақсат – ұлттық экономиканы, өндірісті дамыта отырып, адам мен қоғамның денсаулығына және қауіпсіздігіне жағымды әсер ету һәм тұтынушыларды қорғау құралы ретінде ішкі және сыртқы саудаға, шарифаттың негізгі ережелеріне сәйкес халал индустриясының дамуына көмектесу және нығайту болып табылады. Екі жыл ішінде аталмыш мекеме «Халал» санаты бойынша қонақ үйлердің, қоғамдық тамақтандырудың, тауар белгісі мен оны қолдану тәртібінің стандарттарын жасап үлгерді. Сондай-ақ, ол «Халал» өнімі және қызмет көрсету жөнінде сәйкестікті растау және тәртібі туралы уақытша ережені дайындады (2007 жылы 27 қазанда «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ мен № 57 «Халал» стандарттау жөніндегі техникалық комитетімен бекітілген).

Бүгінгі таңда «Халал» тізіміне республикамыздағы 500-ден астам кәсіпорын енгізілген.

Қазіргі уақытта республика нарығында отандық және шетелдік өндірушілер ұсынған халал өнімдер көптеп пайда бола бастады. Бірақ, халал өнімдерін мемлекеттік стандарттау мен тиісті бақылау жетімсіз болып жатқандықтан, ол өнімдердің шарифат ережелеріне және нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкестігі туралы нақты деректер жоқ. Сондықтан, Үкімет жанында «Халал» техникалық комитетін немесе департаментін құру жөніндегі ұтымды ұсыныстарды қарастырған жөн сияқты. Оның үстіне, 2007 жылдың наурызында мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешенінің мәселелері бойынша өткен республикалық кеңесте халал өнімдердің дамуына және олардың «Халал» сертификатымен шығарылуына нақты назар аударған еді.

Мыңжылдық ислами тарихы бар халқымыздың менталитетіне «халал» ұғымы ешқашан бөтен болмаған һәм өмір салтында халалға етене жақын екенін дәлелдеп жатудың өзі артық. Сондықтан, ұлттық экономикамыздың ислам-дық үлгіде дамитыны, халал өнімдерді негіз етіп алатыны еш дау тудырмаса керек.

Ауылды көтерудің көрігі – исламдық үлгі

Еліміздің экономикалық жағдайы тұрақтанған соңғы жылдарда мемлекет ауылға, ша-руаға деген көмегін барынша беріп келді. Әсіресе, «ауыл жылдары» деп аталған 2003-2005 жылдардан бастап мемлекеттік қолдау еселей түсті. Ал, 2005 жылдың 8 шілдесінде «Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заң қабылданғаннан кейін көмек шаралары бір жүйеге түсті. Айтып-айтпай не керек, ауылды дамыту жолында біршама оң көрсеткіштерге қол жеткізілгені рас.

Әйтсе де, бүгінгі таңда ауыл шаруашылығында шешімін таппаған үш үлкен мәселе бар. Біріншісі – техниканың тапшылығы, ескіруі, екіншісі – қаржының жоқтығы, ал, үшіншісі – ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу, өңдеу мәселесі.

Қазіргі уақытта ауылдағы ең қиын мәселе несие алу болып отыр. Республика бойынша барлығы 6200 ауыл шаруашылығы құрылымдарын қамтитын 153 ауылдық несие серіктестіктері жұмыс істегенімен, оның өзі жеткіліксіз. Халықтың жар-тысына жуығы (7млн.-дай адам) ауылда тұратынын, ал, ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруашылық нысандарының саны 209 мыңнан асатынын ескерсек, ауылға арнайы берілетін несиенің көлемі теңізге тамған тамшыдай болатыны түсінікті-ақ. Осы тұста исламдық қаржы жүйесінің үлгісіндегі шаруа банктерін құру туралы ұсыныстардың құлаққа қонымды екенін айта кету керек.

Ауыл халқының дені – мұсылмандар. Мұсылман баласы шоғырланған жерде шарифаттың шарттарына негізделген мұсылмандық қарым-қатынастар да дамиды. Жасырары жоқ, қазірдің өзінде исламдық нормаларды ұстанатын қауым арасында ислами экономикалық қарым-қатынастар қалыптасуда. Ауыл тұрғындары арасында біріне-бірі өсімсіз қарыз беру, халал тағам өнімдерін шығару сияқты үрдістер кең етек жайып келеді.

Жоғарыда келтірілген кеңесуде Елбасы шаруаларды ұжым-дасуға, қауымдасуға үндеген еді. Біздің ойымызша, осы үндеуге ат салысудың маңызы аса зор һәм бұл бұқаралық баспасөз құралдары арқылы кеңінен насихатталуы тиіс. Және де науқаншылдық мақсатында емес, ұлт мүддесін терең ойлаған түсінік дәрежесінде орындалғаны абзал. «Бірыс алды – ынтымақ» дейді атам қазақ. Исламдық құндылықтарды негізге ала отырып, шаруа-шылықты ынтымақтасып игерген ауыл тұрғындары ұлт экономикасының берік тұғырына айнала алады.

Қортындылай келе, сарапшылардың сөзіне сүйенетін болсақ соңғы жылдары ислам банкингі қаржы нарығындағы жылдам өсіп бара жатқан сегменттердің біріне айналды. Мұсылмандарға арналған қаржы қызметтері ислам әлемінен тысқары жерлерде де өркендеуде. Құран өсім алуды көздейтін кез-келген әрекетке қатаң тыйым салады. Сондықтан мұсылмандар темекі, арақ-

шарап өнімдер мен құмар ойындары тәрізді харам нәрселерге инвестиция құя алмайды. Осыған қарамастан батыста исламдық қаржы жүйесінің ауқымы барған сайын ұлғаю түсуде. Сарапшылардың сөзіне қарағанда, әлемдік экономика мен қаржы жүйесіндегі дағдарыс әлі ұзаққа созылатын түрі бар. Сондықтан олар әлемдік қауымдастықтың көңілінен шығатын жаңа қаржы механизмдерін іздестіруді ұсынуда. Қазір Еуропадағы беделді басылымдар жаһанды жаулаған экономикалық дағдарысты тудырған өсімқорлыққа негізделген дәстүрлі қаржы жүйесін реформалауға шақыра бастады. Олар исламдық экономика мен қаржы жүйесінің тиімділігіне назар аударып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Хоменко, В. В., Церцейл, Ю. С.** “Фондовый рынок стран с исламской экономикой”. – Казань, 2008.

2 Ernst&Young The Islamic Funds & Investments, Report 2011. The World Islamic Banking, Competitiveness Report 2011-2012, The World Takaful Report 2011. – www.ey.com

3 Нац. банк будет поддерживать развитие исламск. финансов. Выступление Нурпеисова Дархана, Председателя Комитета Национального Банка РК KIFC 2012. – <http://www.youtube.com/watch?v=CCpxz6v8pmU>

4 <http://www.islam-orkeniet.kz/?p=665>

5 **Естенбаев, Ж. А.** «Халықаралық заманауи исламдық экономика». – Астана, 2013.

6 **Түгелбай, В.** «Егемен Қазақстан».

Материал 16.02.15 баспаға түсті.

A. K. Temirbolat, P. S. Eshanova

Финансовая система ислама – в центре мирового внимания

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 16.02.15.

A. K. Temirbolat, R. S. Eshanova

The financial system of Islam – in the center of the world attention

S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 16.02.15.

Всемирный финансовый кризис оказал большое влияние на все банки мира. А финансовая система ислама легко дала отпор этому кризису. Всемирная внимание на исламскую систему банков является

тому подтверждением. Одним из главных принципов финансовой системы ислама отсутствие каких либо процентов. Финансовая система ислама основанная на шариате запрещает финансирования вещей которые приносят вред человеку, таких как: употребление спиртного, наркотиков, использование оружие и тд. Потому что Ислам всегда ставит ценности человеческой жизни на первое место. Ислам ставит запрет на монополию, коррупцию, несправедливость, мошенничество, ростовщичество. В Коране в 275 аяте в суре Бахара сказано: «Аллах дозволил торговлю и запретил лихоимство».

The global financial crisis has had a great impact on all banks in the world. But financial system of Islam easily overcame this crisis. World attention to the Islamic system of banks is confirmation to it. One of the main principles of the financial system of Islam is absence of any percentage. The financial system is based on Islamic Shariat which prohibits the financing of the things that bring harm to humans, such as the use of alcohol, drugs, usage of weapons and so on. Because Islam always puts the value of human life in the first place. Islam bans on monopoly, corruption, injustice, fraud, usury. In the 275 th ayat of surat I-Baqarah of the Quran it is said: “Allah has permitted trade and has forbidden interest”

ӨОЖ 329.78:338.48

А. Т. Тлеубердинова¹, Д. М. Усенова², Н. Б. Хасенханов³

¹Э.ғ.д., профессор; ²Э.ғ.м., аға оқытушы; ³Э.ғ.м., оқытушы, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қаласы

ЖАСТАР ТУРИЗМІНІҢ БОЛАШАҚ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жұмыс мақсаты жастар туризмінің дамуының теориялық аспектілерін зерттеу болып табылады. Зерттеуге теориялық-әдістемелік негіз болған – жастар туризмінің дамуының мәселелерімен айналысатын отандық және шетел мамандарының еңбектері. Зерттеу нәтижесінде жастар туризмінің құрылуына әсер ететін экономикалық, әлеуметтік және мәдени факторларды ескеру қажеттілігін аталып өтілген, жастар туризмінің дамуына әсер ететін халықаралық бағдарламалар мысалдары келтірілген. Алынған нәтижелер туристік ұйымдармен әртүрлі турларды ұйымдастыру

кезінде, сонымен қатар «Туризм» мамандығы үшін пәндерді оқыту кезінде пайдалану мүмкін.

Кілтті сөздер: туристік сала, жастар туризмі, оның түрлері, жастар туризмінің экономикалық ықпалы, жастар туризмінің әлеуметтік және мәдени факторлары

Кейінгі он жылдықта жастар туризмінің қарқын алып дамуы байқалып отыр. WYSE Travel және ДТҰ конфедерациясының біріккен зерттеу нәтижесіне сүйенсек, жастардың саяхаттау деңгейі өзінің белгіленген межесінен айтарлықтай жоғары болуда. Жұмыс берушілер, оқу орындары, ресми туристік ұйымдар мен көптеген мемлекеттердің басшыларының пайымдауына, жастардың экономикалық, әлеуметтік –мәдени құндылықтары айтарлықтай өсуде. Аталмыш мәселенің себебі болып саяхаттың жастардың өмір салтына айналып отырғаны табылады, себебі саяхат -ол:

- оқу формасы;
- жаңа адамдармен танысу;
- өзге мәдениетпен танысу мүмкіндігі;
- мансапты дамыту тәсілі;
- өзін-өзі жетілдіру құралы;
- өзінің құрамдас бөлігі екенінді сезіну.

Жастар үшін сапар шегу олардың өмір салтының ажырамас бөлігі ғана емес сонымен қатар, күнделікті күйбең тіршіліктен құтылудың жолы. Өз кезегінде бұл олардың баратын орындарына тікелей әсер етеді, себебі жастар үшін саяхаттың әлеуметтік-мәдени жағы экономикалық жағынан да маңыздырақ.


Сарапшылардың айтуынша жастар туризмінің кең ауқымды дамуы мемлекет үшін үлкен олжа болмақ. Жастар туризмін дамыту экономикалық әлеуметтік жағынан оң әсерін тигізеді. Оған дәлел, туристік ұйымдар мен бизнес құрылымдарының жұмысы артады, елдер арасында мәдени байланыс арта түседі, халықаралық сауда-саттықтың күшейуі, жергілікті ұйымдардың әлеуметтік қолдауы және ғылым дамиды т.б.

Студенттер мен жастар қауымы туризм нарығының басқа сегментіне қарағанда нарыққа инновацияны жылжытуда белсендірек кіріседі. Қай кезеңде болмасын жастар өзгерістерге биімделгіш және инновацияға құмар болып келеді. Бұл жағдай туризм саласын да айналып өтпеген. Қоғамның бұл мүшелері ешқашан тұралап қалмайды, үнемі ізденісте болып тәжірибе жасауға жүрексінебейді. Сондықтан жастар сегменті жаңашылдық жасауда алдына жан салмайтыны анық. Қазіргі таңда туризм индустриясы ұйымдастыру мәселесінде айтарлықтай өзгерістерге ұшырап отыр. Ішкі және сыртқы туристік сектордың жабдықтаушыларының кең ауқымы турөнімнің

күрделі қалыптасуына алып келді. Ол дәстүрлі көлденең жүйені ығыстырып шығарды. Ендігі кезекте саяхат дәстүрлі инфрақұрылымнан (әуекомпания мүмкіншілігі, қонақүйдің бөлме саны, турагенттер мүмкіншілігі т.б.) ғана емес сонымен қатар экономика жүйесінің икемді байланысынан, жергілікті ұйымдар мен білім, әдет-ғұрыпқа тікелей байланысты.

Жастар жаңа технологияны белсенді қолданушылар болып табылады, саяхат жайлы мәліметтерді іздеу мен туристік қызметтерді сатып алуда әлеуметтік желілер мен ұялы байланыс түрлерін белсенді пайдаланушылар болып келеді. Технологияның айрықша дамыған дәуірінде жастар сегменті маңызды сегмент қана болып қоймай, өзгерістер мен инновацияның негізгі көзіне айналып отыр

Жастар туризмінің өсуі көптеген елдердің өмір деңгейінің жоғарлауымен байланысты. Әсіресе дамыған елдерде сапардың даму қарқыны артып отыр. Аталмыш елдерде алғашқы саяхатты негізінен өте бай азаматтар немесе өте жас тұлғалар жасайды екен. Сондықтан жастар нарығы туристік индустрияның дамуына айтарлықтай септігін тигізеді. 2010 жылы халықаралық жастар туристік нарығы жылына 190 миллион келушімен толығып отырған, айта кетер бір мәселе жастар туризмінің жылдық даму қарқыны барлық туристік нарықтың даму деңгейінен жоғары. ДТҰ болжамы бойынша 2020 жылы халықаралық жастар саяхатының саны 300 миллион адамға дейін жетпек (сурет 1) [1].



Сурет 1 – Дүниежүзілік жастардың келу динамикасы, саны

Маркетингтік құралдарды орынды қолдана білсек бұл көрсеткіші айтарлықтай жоғарлатуға мүмкіндік бар.

Мысалы 2008- 2012 ж.ж. Қазақстанда ЖІӨ-нің өсу қарқыны жан басына шаққанда 70 %-ды құрады, халықтың табыс деңгейі 32984 теңгеден 51755 теңгеге өсіп отыр, осының әсерінен шетелге шыққан туристер саны 4,3 млн-нан 9 млн-ға жетіп отыр [2]. Егер келген туристердің ішінде

жастардың үлесі 20 % құрайтын болса, онда қазақстандық жас туристердің саны шамамен 1,8 млн-ды құрайды.

Жастар туризмін дамытудан түсер пайда қандай?

Аталмыш сұраққа жауап іздеп көрейк. Саяхаттау барысында жастар қауымы өздері ғана тұлғалық дамым қоймай өздері болған жердің дамуына әсер етеді.. WYSE Travel конфедерациясының зерттеу мәліметі көрсеткендей:

- жас саяхат жасаушының шығыны өзге туристерге қарағанда көбірек;
- жас саяхатшылар әдетте өзі барған жеріне қайта оралады, өмірінің сонына дейін демалыс кезінде орын тепкен жеріне айтарлықтай пайда әкеледі;
- жастар саяхаты жаһандық деңгейде өсімтал болуда, керсінше егде жастағы туристердің саны жылан жылға кемуде;
- жалындаған жастарды терроризм, эпидемия, табиғи қауіптермен қорқытып тосқауыл болу қиын;
- жас туристер өз ісінің пионерлері, саяхаттың жаңа беттерін ашушылар;
- жас саяхатшылар жаңа технологияны алғашқы қолданушылары болып табылады [1].

Жастар туризмінің экономикалық маңыздылығы, нарықтың ерекшелігінде. Жастар кез-келген іске белсенді, бейтаныс адамдармен оңай қарым-қатынас орнатуға дайын тұрады, жаңа мәдениетті зерттеуге қызығушылығы басым, өз білімін үнемі жетілдіруге тырысып жүреді. Жастар әдетте өзге топтарға қарағанда ұзағырақ сапар шегеді. Туристердің өзге сегментін қызықтырмайтын жерлерді тандайды, өзінің саяхатқа деген көз қарасы мен талғамы болады.

ДТҰ-ның есебі бойынша 2010 жылы жастар туризмінен түскен пайда \$ 165 млрд құрады, бұл барлық туристік табыстың 18 %-ын құрайды. Өзге туристерге қарағанда жастар ұзақ мерзімді саяхат жасауына байланысты сәйкесінше олардың шығыны да көбейеді. Орта есеппен алғанда жас турист бір сапарында 2600 АҚШ \$-ын жұмсайды, салыстырмалы түрде алсақ өзге туристер орта есеппен 950 АҚШ \$-ын туристік мақсатта жұмсайды. Сөзімізге дәлел 2009 жылы Австралияда 6 ай немесе одан да ұзақ уақыт болған жас туристер орта есеппен AU \$ 21228 жұмсаған, ал басқа туристер сол уақытта орта есеппен AU \$ 3313 құраған [3].

Жастардың сатып алу қабілетінің жоғары болуының негізгі себебінің бірі ата-анасының қаражатын қолдану болса, екіншіден уақытша жұмысқа орналасып қосымша қаражат көзін табу болып табылады. Бұқаралық ақпарат көздерінің мәлімдеуінше АҚШ пен Ұлыбританияда балаларының сапарына 9000 доллар жұмсауға дайын ата-ананың саны жыл санап өсуде. Назарға іліккен тағы бір мәселе мемлекеттен тыс жерлерде (шетелде) білім беру нарығының дамуы.

Жастар барлық саланың дамуына оң ықпал етуде, еңбек ресурстарының тапшы жерлерінде жұмысқа орналаса отырып креативтілік пен жоғары белсенділікпен жұмысын атқарады.

Студенттер арасында ең танымал бағдарламалардың бірі болып «Work&Travel» табылуда, бұл бағдарлама жастарға АҚШ-та кез-келген шағын кәсіпорындарда жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдем етеді. Қызмет атқаратын агенттіктерге мемлекеттік департамент этникалық нормалар мен әділеттілікке негізделіп бекітілген келесідей қатаң ережелер бар: қоршаған ортаңызға құрметпен, қамқорлықпен қарау, адамның жасы, жынысы, ұлты, тілі, дініне қарамастан құқықтарын бұзбау. Бағдарлама жастардың қауіпсіздіктері мен медициналық сақтандыруына кепілдік береді [4].

Кейінгі кездері халықаралық бағдарламалармен бөлінген арнайы гранттар мен стипендиялардың саны артып отыр. Қорытындылай келгенде бөлінген олжаның көпшілігінің иегерлері де осы жастар қауымы болмақ. Бөлінген гранттар иегеріне өзге мемлекетте ұзақ мерзімге білім алып саяхат жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, 1993 жылдан 2013 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Президентінің «Болашақ» стипендиясы 10346 жас қазақстандыққа әлемнің 33 елінің 200 үздік жоғарғы орынында білімін шындауға жол ашты [5]. Мемлекет экономиканың түрлі саласына жоғары деңгейдегі кәсіби мамандармен қамтамасыз етуді өз алдына міндет етіп жүктеп отыр. Жастар бір жағынан жарқын болашаққа жетелер жоғары білім алып мемлекеттің мақсат-мүддесінің құрамдас бөлігі екенін сезінсе, екіншіден әлемді көріп, шетел мәдениетімен таныса отырып әлемдік қауымдастықта еліміздің елшісіндей сезімге бөлене алады.

2 жылдан 5 жыл аралығында оқыған стипендиант оқуынан бөлек тамақтану мен жатын орнына дейін толық мемлекет қамқорлығында болады. Стипендия оқып жатқан мемлекетке лайықтанып сараланған. Мысалы, Қытай Халық Республикасында оқитындар \$ 800 алса, Лондонда – \$ 2200 беріледі.

Erasmus Mundus халықаралық бағдарламасы жыл сайын студент бакалавриаттар мен магистранттарға грант бөледі, ай сайынғы стипендия көлемі € 1000-1500 ға дейін және 6 айдан 2 жылға дейін жол ақы шығыны қоса € 2000-ға дейін болады [6].

Осының нәтижесінде жергілікті білім беру жүйесі мемлекеттің кей жағдайда шамасы жетпейтін қуатты қаражат қолдауына ие болады. Жоғарыда айтылған еуропалық Erasmus Mundus бағдарламасы Л'Аквила (Италия) қаласының университетін қаржыландырады. Аталмыш университет 2009 жылы болған жер сілкінісінен қатты зардап шеккен болатын. Греция мемлекетінде бөлінген гранттардың арқасында айтарлықтай қаржылық қолдауға ие болып отыр.

Жастар әдетте болған жеріне қайта оралуға биім келеді олар үшін, «өмірлік құндылық» («lifetime value») маңызды мәнге ие. Түрлі ақпарат көздеріне сүйенсек «қайтып барушылар» 50 % құрап отыр.

Жастар нарығы әдетте тұрақты келеді. Соңғы экономикалық дағдарыс осыған дәлел болғандай. Жас туристер экономикалық пробемаларды, саяси тұрақсыздар мен эпидемияларға назар аудара бермейді. Сонымен қатар автордың өз байқауынша жастар көп жағдайда мансаптық өсу мен әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізгенше кез-келген кедергілер мен қиыншылықтарды жеңуге дайын келеді. Осындай құбылыс әлемдік тәжірибеде «funemployment» деген атауға ие болды..

Сарапшылардың мәліметіне сүйенсек, экономикалық дағдарыс кезінде жастадың сапар шегуі азайса да, жастар туризмінің сегменті басқа туристік салаға қарағанда тез қалпына келеді.

Жастар туризмінің экономикалық тиімділігі әдетте олардың келетін жерінде айқын көрінеді, WYSE Travel Конфедерациясының мәліметі бойы жастардың орналасқан жеріндегі шығыны 60 % құрайды [1].

Жастар әдетте өз орналасқан жерлеріне сауық сайран көңілді кештерінің арқасында басқа да тұтынушыларды тартады. Ресми дерек көздерінің есебі бойынша жастардың Австралия демалыс орындарына тартқан туристер қосымша AU \$ 1,2 млрд. қалдырған [3]. Осы тиімділікті ескерген көптеген мемлекеттер жастар жобаларын жүзеге асырып, мәдени шығармашылық орталықтарын ашып, студенттердің келуіне жағдай жасаған. Саяхатта түскен фотосуреттері мен сапары жайлы түрлі ой пікір, жылы лебіздерін интернет желілері мен Facebook парақшасына салу қазіргі жастардың әдегіне айналууда.

Жастар туризмінің экономикалық тиімділігін зерттеу барысында жастардың тұған жеріндегі шығындарды ғана емес сонымен қатар, сол жерде көп уақыт болу әсерін, жергілікті өнім мен қызметті тұтынуды, жас туристердің сол жерге қайта оралуы және өздерінің таныстарын сол жерге тарту мәселесін қарастырған жөн.

Ал егер сараптама нәтижесі жастар туризмін экономикалық әсерден де кең екенін көрсетсе, әлемдік қауымдастық алдында туризмнің бұл түрін дүниежүзінде бейбітшілік пен бірліктің нышаны ретінде, өзін-өзі жетілдіру түрі ретінде көрсетуге болады.

Саяхат жасау жолында жастар өздерінің бір сарынды өмірінен тастап басқа жаңа өмір салтына бет бұра бастайды. Ол өзіне адамдармен қарым-қатынаста үлкен тәжірибе жинайды, жаңа мәдинетпен танысады, үлкен деңгейлі іс-шараларға қатыса бастайды. Жаңа адмадармен қарым-қатынасқа деген құштарлық пен толеранттылықты қалыптастырып, жаңа мәдениетті түсінуге мүмкіндік бере отырып, халықаралық байланысқа оң көз-қарас қалыптастырады. Осындай мақсатты жоғарыда айтылған Erasmus Mundus

бағдарламасы да көздейді. Аталмыш бағдарлама соңғы 20 жылда 3 миллион студентке Еуроаймақта болуына себепкер болған [7].

Білім деңгейі жоғары жастар барған жеріне білім жағынан айтарлықтай септігін тигізеді. Қазіргі қоғаммен байланысы әлсіз тұрақсыз тіпті қауіпті, көпшілігінің жүрегі дауаламайтын жерлеге жастар қауымы көбірек барады. Олар сол аймақтың рухани дамуына әсер етіп, ілгері жетелейді. Жергілікті жердің өнімін тұтына отырып жас туристер сол жерге қомақты қаражат құяды..

Жастар туризмінің бәсекелеқаблеттілігін арттырып, халықаралық нарықта ойып тұрып орын алу үшін, мемлекет басшылығымен, туристік бизнес өкілдерімен және туристік ұйым бірлестіктермен бірге жұмыс жасау оңтайлы шешім болмақ. Мысал ретінде (SAYTC) Оңтүстік Африкалық жастар туризм Конфедерациясын айтуға болады. Қазіргі таңда ол ұйымның құрамында Оңтүстік Африкалық келесі мемлекеттері кіреді: Лесото, Намибия және Замбия. 1990 жылдардың басында болған саяси жағдайлар осы аймақтағы туризм индустриясының жылдам қарқынмен өсуіне себеп болды. Жастар тарапынан шытырман оқиғалы және спорттық туризмге деген қызығушылық Оңтүстік Африкада 1998 жылы альпинистер одағының құрылуына әкелді. Алғашында қызмет еткен бұл одақтың көздеген мақсаты туризм индустриясын дамытуға күш сала отырып Оңтүстік Африканы әлемге паш ету. 2006 жылы жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижесіне көз жүгіртсек, Оңтүстік Африка Ұлттық өнеркәсіп және сауда департаменті бастамасы көрсеткендей туристердің келуінің аз көлеміне қарамастан, жас туристердің келуі халыққа айтарлықтай пайда келтірген, шағын және орта бизнстің дамуына түрткі болып, туристердің аз баратын жеріне қаржы көлемін көбейтіп дамуына ықпал еткен. Сонымен қатар туристердің келу уақыты артып, туристердің келу жиілігі көбейіп, волонтерлық пен білім беру туризмі қарқын алған [8, 9]. Мемлекет тарапынан көрсетілген көмектің нәтижесінде бірлестік мүшелерінің саны артып отыр, түрлі халықаралық конференциялар мен көрмелерді ұйымдастырып, жастар туризм нарығын әлемдік деңгейде тұрақты қалыпқа алып келуде.

Туристік нарықтағы жастар сегменті мемлекетке туристік салада түсетін пайдасы жағынан әлеуеті жоғары сала. Сондықтан мемлекет басшылығына осы сегмент мүмкіндігіне басты назарды аударған жөн. Біздің көз-қарасымыз бойынша, туризм түрін тандағанда мұқият болған дұрыс, жастар сұранымы жағынан әлеуетті, және аталмыш мәселелер қысқа мерзімді емес ұзағынан болғаны абзал. Осындай қызмет түрлеріне білім беру бағдарламалары, жазғы мектептер, волонтерлік тілдік курстар т.б. болады. Туристік ұйымдар және Қазақстан Республикасының инвестициялар мен даму Министрлігінің туризм Департаменті мақсаттары ретінде осы нарықтың даму стратегиясы мен сауатты тауарлық саясатын дұрыс таңдау болып табылады.

ӘДБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. **Blanco Javier, Editorial team: Fitzgerald Deborah, Jordan Peter, Egido Laura.** The power of youth travel. Affiliate members report published by UNWTO and WYSE Travel Confederation. – <http://www.unwto>, e-library.
2. Туризм Казахстана 2008-2012 г.г. Статистический сборник. – www.stat.gov.kz
3. **Richards, G.** An economic contribution that matters, Tourism Research and Marketing. – <http://www.unwto>, e-library.
4. **Caron, S.** Working with partners and government to raise standards and safeguard young people working abroad. – <http://www.unwto>, e-library.
5. <http://www.bolashak.gov.kz>
6. <http://www.ef.uni-lj.si/euroasiancea/grantees>
7. **Blanko, J., Jordan P.** Beyond backpacking: what young travellers bring to the global community. – <http://www.unwto>, e-library.
8. The Development of the South African Youth Travel Confederation. Deborah Kleynhans, Bernie Meyer, Director, Meruschka Govender, Deputy Director. – <http://www.unwto>, e-library.
9. www.saytc.co.za

Материал 16.02.15 баспаға түсті.

A. T. Tleuberdinova, D. M. Usenova, N. B. Khasenkhanov

Специфика и перспективность молодежного туризма

Карагандинский государственный университет
имени академика Е. А. Букетова, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 16.02.15.

A. T. Tleuberdinova, D. M. Usenova, N. B. Khasenkhanov

Specifics and prospects of youth tourism

Academician E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda.

Material received on 16.02.15.

Целью работы является исследование теоретических аспектов развития молодежного туризма. Теоретико-методологической основой исследования послужили труды отечественных и зарубежных ученых по проблемам развития молодежного туризма. В результате исследования определена необходимость учета экономических, социальных и культурных факторов формирования молодежного туризма, приведены примеры международных программ, способствующих развитию молодежного туризма. Полученные результаты могут быть

использованы в практической деятельности предприятий туризма при организации различных туров, а также при преподавании дисциплин по специальности «Туризм».

The aim of the article is to research the theoretical aspects of development of the youth tourism. Theoretical and methodological basis of the research were the works of domestic and foreign scientists who deal with the problems of the youth tourism development. The result of research identified the need to consider economical, social and cultural factors of the youth tourism formation, given examples of international programs promoting development of the youth tourism. The obtained results can be used in the practice of tourism enterprises for organization of different types of tours and teaching subjects for the specialty of "Tourism".

УДК 658.14/.17

Ю. В. Чуприна¹, А. С. Рамазан¹, О. В. Назаренко²

¹студенты; ²ст. преподаватель, кафедра «Финансы и учет», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар

ХЕДЖИРОВАНИЕ КАК ИНСТРУМЕНТ УПРАВЛЕНИЯ ФИНАНСОВЫМИ РИСКАМИ

В настоящей статье автор рассматривает один из способов управления рисками на рынке производных финансовых инструментов, называемый «хеджированием».

Ключевые слова: хеджирование, финансовый риск, хеджер, валютный риск, риск ликвидности.

При любой финансовой деятельности, будь то покупка, продажа фьючерсов, ценных бумаг, акций и т.д. участники финансовой деятельности подвержены риску. Риски определяются видом деятельности и в зависимости от вида риска нужно осознанно подходить и к способу его минимизации. Один из таких способов их уменьшить – хеджирование.

Хеджирование рисков – один из многих способов, помогающих сберечь деньги инвесторам. Название произошло от слова “Hedge” – что означает “ограничивать”, “страховать от потерь”. Иными словами хеджирование риска предполагает страховку.

Хеджировать свои риски может как физическое, так и юридическое лицо. Следует, однако, заметить, что хеджирование не является стопроцентной

гарантией отсутствия потерь, хеджирование, как и другие подобные способы уменьшения риска лишь только снижает возможность негативной ситуации.

Хеджерами являются участники рынка, использующие фьючерсы и опционы для уменьшения риска ценовых колебаний. Их участие во фьючерсной торговле связано с реальными операциями, касающимися товара или финансового инструмента, лежащего в основе фьючерсного контракта.

Участник может считаться хеджером, если его действия основаны на двух мотивах:

- присутствие на рынке наличного товара,
- заинтересованность в уменьшении риска.

Количество участников реального рынка, чья заинтересованность в уменьшении ценового риска делает их хеджерами, меняется в зависимости от ряда факторов:

- объема соответствующего наличного рынка;
- уровня неустойчивости цены (возможного риска);
- знания и доступн

Прежде чем решить, стоит ли использовать механизм хеджирования, каждое предприятие должно определить источники, величину и вид риска, которому оно подвергается.

Обычно различают следующие виды рисков (риски внешние и внутренние):

Кредитный риск – риск того, что заемщик не уплатит по ссуде; вероятность того, что стоимость части активов фирмы, а особенно кредитов, уменьшится или сведется к нулю или фактическая доходность по данной части активов окажется значительно ниже ожидаемого уровня; 3) вероятность не возврата кредитов; 4) вероятность значительных убытков по кредитам и другим активам вследствие невыполнения заемщиком своих обязательств.

Процентный (рыночный, курсовой) риск – риск того, что цена активов упадет из-за роста нормы процента; вероятность того, что изменение процентных ставок уменьшит чистую процентную маржу банка; неблагоприятные изменения стоимости активов и пассивов вследствие изменения процентных ставок; вероятность сокращения спреда банка между процентными доходами и процентными расходами вследствие изменения процентных ставок; неопределенность дохода от ценной бумаги с фиксированным доходом, возникающая вследствие неожиданных колебаний стоимости актива из-за изменений процентной ставки.

Ре-инвестиционный риск – неопределенность доходности актива с фиксированным доходом, порождаемая непредсказуемостью процентной ставки, по которой доходы от актива могут быть реинвестированы.

Валютный риск – вероятность того, что изменение курсов иностранных валют приведет к появлению у фирмы убытков вследствие изменения

рыночной стоимости его активов и пассивов; 2) неопределенность в доходности зарубежного финансового актива, связанная с неизвестным заранее курсом, по которому иностранная валюта будет обмениваться на валюту инвестора. Связан с процентным риском.

Риск ликвидности – вероятность того, что средства, необходимые для покрытия изымаемых депозитов и удовлетворения спроса на кредиты, окажутся в нужный момент недоступны, что приведет к неожиданным убыткам для банка; вероятность появления дефицита наличных средств в момент, когда в них ощущается потребность. Различают ликвидность мгновенную, среднесрочную и долгосрочную.

Риск адекватности капитала – предполагается, что возможна учитывающая риск оценка капитала, и тогда этот риск рассматривается как вероятность того, что капитал фирмы сократится (потеряет ликвидность). Если все риски подрывают способность фирмы приносить прибыль, тогда в конце концов, при прочих равных условиях, капитал фирмы иссякнет.

Риск неплатежеспособности (банкротства) – вероятность того, что банк обанкротится; характеризуются вероятностью того, что капитал банка сможет покрыть убытки от деятельности (вероятность неадекватности капитала банковским рискам).

Политический риск – вероятность того, что изменение законодательных или регулирующих актов внутри страны или за ее пределами окажет негативное воздействие на прибыль, операции и перспективы фирмы; политический риск связан не только с конкретной страной, но и соседними странами, регионом, и даже геополитикой. Неопределенность доходности иностранных финансовых активов, связанная с возможным ущемлением интересов инвесторов правительством страны эмитента.

Риск регулирования – риск того, что непредвиденные действия или бездействия регулирующих органов уменьшат капитал фирмы и ее способность получать прибыль. Этот риск можно также обозначить как правовой (вероятность изменения законодательства, измеряемая через частоту изменения).

Существуют различные виды хеджирования. Хеджирование можно определить как использование фьючерсного рынка для снижения ценового риска на наличном рынке. Оно означает совершение фьючерсной сделки, которая является временной заменой соответствующей сделки на наличном рынке. Эта фьючерсная позиция является противоположной нетто-позиции на наличном рынке и служит для уменьшения ее риска. В этом случае позиции на наличном и фьючерсном рынках должны быть равны по количеству и совпадать по сроку. Хеджирование используется также для фиксации цен будущих сделок на наличном рынке.

Хеджирование продаж – это использование короткой позиции на фьючерсном рынке тем, кто имеет длинную позицию на наличном рынке. Этот вид хеджирования предпринимается для защиты продажной цены товара. Его применяют продавцы реальных товаров для страхования от падения цен на этот товар. Этот метод может использоваться также для защиты запасов товаров или финансовых инструментов, не покрытых форвардными сделками. Наконец, короткий хедж используется для защиты цен будущей продукции или форвардных соглашений о закупке.

Короткий хедж начинается продажей фьючерсного контракта и завершается его покупкой.

Рассмотрим ситуацию, в которой показан механизм фиксации цены с помощью хеджирования.

Хеджер хочет застраховаться от возможного падения цены на акции (обычно это осуществляется с помощью фьючерсных контрактов на индекс акций, а не на сами акции). У него есть акция, которая сейчас стоит 1000 тенге, а через месяц ему нужны будут деньги для покупки недвижимости. Однако ожидая, что цены на акцию к моменту покупки упадут и он не сможет оплатить покупку, он заранее прибегает к хеджированию:

а) он, допустим, в январе продает фьючерсный контракт на акции с поставкой через три месяца по цене 1110 тенге за акцию и таким образом заранее фиксирует себе цену. На биржевом жаргоне это называется «запереть цену» (to lock the price);

б) при продаже акций на реальном рынке в феврале он действительно продает ее по цене ниже желаемой – по 900 тенге ;

в) одновременно ликвидируются (выкупаются) фьючерсные контракты по текущей цене фьючерсного рынка – 1000 тенге. Результат выглядит следующим образом (таблица 1):

Таблица – 1 Результат по операциям

Дата	Наличный рынок	Фьючерсный рынок
Январь	Целевая цена 1000 тенге.	Продажа фьючерсного контракта за 1110 тенге.
Февраль	Продажа акций по 900 тенге.	Покупка фьючерсного контракта 1000 тенге. Прибыль 100 тенге.

В итоге этой операции потери на наличном рынке компенсировались прибылью от хеджирования, что позволило хеджеру получить намеченный уровень цен.

Хеджирование покупкой. Эта операция представляет собой покупку фьючерсного контракта кем-либо, имеющим короткую позицию на наличном рынке. Результатом длинного хеджа является фиксация цены закупки товара. Используется он для защиты и от рисков, возникающих при форвардных

продажах по фиксированным ценам, и от роста цен на сырье, используемое в производстве продукта со стабильной ценой.

Этот вид хеджирования часто применяют посреднические фирмы, имеющие заказы на закупку товара в будущем, а также компании – переработчики. При этом закупки на фьючерсном рынке совершаются как временная замена закупки реального товара. В итоге длинное хеджирование предохраняет от повышения цен.

Например, потребитель знает, что ему необходимо закупить 10 тыс. баррелей. нефти через два месяца, но опасается повышения цен по сравнению с текущим уровнем в 166 долл. за баррель. Немедленная закупка для него невозможна, так как он не имеет хранилища. В этом случае он покупает 100 фьючерсных контрактов на нефть на бирже и продает их, когда будет заключать контракт на реальную поставку.

Таблица – 2 Общий результат

Дата	Наличный рынок	Фьючерсный рынок
Январь	Нет сделок Целевая цена 166 долл. за бар.	Покупка 100 мартовских контрактов по 164 долл. за бар.
Март	Покупает 10 тыс. бар. по 194 долл. за бар.	Продажа 100 мартовских контрактов по 192 долл. за бар. Прибыль 28 долл. за бар.

Конечная цена закупки: $194 - 28 = 166$ долл.

Расходы на саму фьючерсную сделку будут незначительны, хотя платежи по марже и кредиту будут больше, чем при быстрой ликвидации сделки, поскольку фьючерсные контракты держались два месяца.

Все вышеизложенное позволяет судить о целесообразности использования операций хеджирования участниками реальной торговли и о выгоде подобных операций. Однако при всей привлекательности необходимо отметить и трудности, которые могут возникать при осуществлении операций хеджирования. Кроме риска, связанного с вариационной маржой в неустойчивом рынке, фьючерсный рынок имеет и ряд других недостатков.

Базисный риск. Из-за изменений базиса фьючерсные контракты могут не обеспечить полной защиты от ценовых колебаний наличного рынка. Базисный риск увеличивается тем больше, чем больше сорт наличного товара отличается от спецификации фьючерсного контракта. В редких случаях на очень неустойчивых рынках или когда корреляция наличных и фьючерсных цен мала, базисный риск может быть больше ценового риска «голой» длинной или короткой позиции.

Издержки. Любая фьючерсная сделка имеет операционные расходы и расходы на клиринг. Даже если они малы, они могут со временем возрастать.

Кроме того, есть еще издержки, связанные с процентами на маржевые суммы. Поскольку хеджирование вариационной маржи не всегда возможно (особенно если количества контрактов незначительны) или практически осуществимо (когда цены или процентные ставки очень неустойчивы), этот момент должен быть принят во внимание заранее. Даже если хеджер может эффективно использовать механизм хеджирования вариационной маржи, важно иметь наготове наличные средства для нее, т.е. иметь хорошие отношения с кредитными институтами для того, чтобы не прерывать удачный хедж из-за проблем с наличными средствами.

И, наконец, если хеджер осуществляет свои операции на нескольких биржах, то ему необходимо тщательно изучить все правила каждой конкретной биржи, на которой он ведет дела, так как при всей общности организации биржевой торговли каждая биржа сама определяет особенности своих правил и регламента.

Таким образом, можно сделать вывод, что хеджирование имеет ряд преимуществ и некоторые недостатки.

Начнем с преимуществ: Появляется шанс существенно снизить риски изменения цены на товары или финансовые активы. Конечно, устранить риски полностью не получится, но убрать большую их часть – вполне. Благодаря хеджированию появляется какая-то стабильность, как у предпринимателя (владельца бизнеса), так и у инвестора. Хеджирование рисков не мешает проводить основные операции и позволяет надежно защититься от рисков без серьезных изменений в политике запасов или необходимости привлечения форвардных соглашений. Применение любого из видов страхования позволяет проявлять максимальную гибкость в разработке собственной стратегии. При этом всегда есть возможность планировать деятельность на несколько месяцев вперед, что очень удобно и выгодно. Хеджирование существенно облегчает финансирование сделок в бизнесе. Если хедж уже «отрыт», то при осуществлении реальной сделки его совсем не обязательно ликвидировать. Есть такое понятие, как сделки внутри хеджа, что иногда позволяет получить дополнительную прибыль.

